КӨШІРМЕСІ
КОПИЯ

«Мұғалжар аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының
2011 жылғы « 18 » қаңтар
№ 60 бұйрығымен бекітілген
_____________ К.Е.Назарова

# «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесінің жарғысы

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

**«Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесінің жарғысы**

**Жалпы ережелер**

Осы Жарғы ҚР Азаматтық кодексіне ҚР «Білім туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңдарына сәйкес жасалған.

## 1. Атауы, орналасқан жері «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі

1.1. Атауы: «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі, жалпы білім беретін негізгі мектеп , бұдан әрі «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі.

1.2. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесінің заңды мекен- жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Аксу ауылы индекс: 030703

## 2 . Құрылтайшысы

2.1. «Мұғалжар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

2.2. Мемлекеттік мекемелерді басқаруға – «Мұғалжар аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі уәкілетті (бұдан әрі уәкілетті орган).

2.3. Мемлекеттік мекемелердің құрылтайшысы – «Мұғалжар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 41 бабына сәйкес, мемлекеттік мекемелердің Жарғысын бекіту өкілеттігін, «Мұғалжар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің 17.01.2011 жылғы № 2 Қаулысы негізінде, «Мұғалжар аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне береді.

2.4. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Заңдарға сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырады.

2.5. Уәкілетті орган мемлекеттік мекемелердің жарғысын бекітеді, жарғыға толықтырулар мен өзгерістер енгізеді.

## 3. Ұйымдық- құқықтық нысаны , үлгісі мен түрі

3.1. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушыларға қазіргі заман деңгейінде білім және тәрбие беру мақсатында , білім берудің

гуманистік сипатын, (ішкі эстетикалық мәдениет тәрбиесі), жалпы адами құндылықтардың басымдылығын , жеке тұлғаның еркін дамуын қамтамасыз ету үшін аудандық білім беру басқармасымен құрылған.
3.2. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы «Білім туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңдарына, «Жалпы білім беретін мекемелердің типтік ережелеріне» және осы Жарғыға сәйкес жұмыс жасайды. Жалпы білім беретін мекемелер істерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдылықтары мен нормативтік актілерін басшылыққа алады.
3.3. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі дербес заңды тұлға болып саналады, дербес балансқа, есепшотқа, өз атауына сәйкес мөрге ие. Мектеп өз атынан келісім-шарттар жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды пайдалануға және міндеттемелер алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы. Өз есеп бөлімі, есепшілері бар.
3.4. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі лицензиясы берілген уақыттан бастап Қазақстан Республикасы ұсынылған білім беру істері мен жеңілдіктер құқығына ие болады.
3.5. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында көрсетілген тәртіппен мемлекеттік аттестациядан өтеді.
3.6. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушыларға дәрігерлік қызмет көрсету арнайы бекітілген дәрігер қызметкерлер арқылы жүзеге асырылады.

## 4. Негізгі міндеттері мен қызметі

4.1 «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі басты міндеті –ұлттық және адами құндылықтар, ғылыми жетістіктері негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған орта білім беру үшін қажетті жағдайлар жасау.
4.2 «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі тұлғаның жан- жақты дамуына негіз бола алатын, мектеп компоненттерін қосу негізінде , оқу жоспарлары мен бағдарламаларды дайындау құқығын сақтай отырып, мемлекеттік стандарттан тыс , білім беру деңгейін қамтамасыз етуі мүмкін.
«Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесінің басты міндеттері :

1. Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау.
2. Тұлғаның шығармашылық , рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке бастың дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектісін байыту.

3. Азаматтық пен елжандылыққа өз Отаны –Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.
4. Республиканың қоғамдық – саяси , экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.
5. Әлемдік және Отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын , әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру.
6. Білім беру ұйымдарының еркіндігін , дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықсыздандыру.
7. Оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.
8. Алуан түрлі және көп қызметті білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу.

4.3. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі қызметінің негізгі бағыттары:

4 оқушыларды бекітілген мемлекеттік және авторлық бағдарламаға сәйкес оқыту және тәрбиелеу;
5 оқушыларды төмендегідей бағыттар бойынша интенсивті : қосымша бағдарламаларды енгізу негізінде және оқу жоспарларына сәйкес гуманитарлық , математикалық бағыттар;
6 Негізгі бағдарламалардан тыс қосымша ақылы көрсету;
7 Оқыту- тәрбиелеу істерінде оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналардың арасындағы шығармашылық бірлігі;
8 Оқушыларды аралық аттестациялаудың баға жүйесін , түрін, тәртібін және кезеңдігін ерікті түрде таңдау;

## 5. Білім беру ісінің мақсаты

«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі азаматтарының мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім алу және оның тегінділік кепілдіктермен білім алу құқықтарын жүзеге асыру негізінде құрылған.

Білім беру істерінің мақсаты- оқушылардың жоғары ғылыми және мәдени дайындықтарын қалыптастыру, таңдаған мамандықтарының негізін қалау, қоғамның шығармашылық қуатын дайындау , оқушының жеке тұлғасын, ар-намысын қадірлеу, оған сену, оның жеке мақсаттары мен мүдделерін қолдау.

## 6. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесіне қабылдау тәртібі

6.1.Мектеп алды сыныптарына жаңа оқу жылының бірінші қыркүйегіне дейін 5 немесе 6 жасқа толған балалар, бірінші сыныпқа жаңа оқу жылының бірінші қыркүйегіне дейін 6 және 7 жасқа толған балалар қабылданады.

6.2. Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы жалпы білім беретін мектепке бара алмайтын балалар үшін үйде немесе мекемелерінде ақысыз дербес оқыту ұйымдастырылады.( Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы 8- бап 5 тармақ )

6.3. Қабылдау ата- аналардың ( немесе оларды ауыстыратын тұлғалардың) арызы, дәрігерлік анықтама , туу туралы куәліктің көшірмесі және мекен-жай бюросының анықтамасы негізінде жүзеге асырылады. Арыз 1 сәуірден бастап қабылданады.

6.4.Оқушыларды қабылдау кезінде мектеп ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді Жарғымен , білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, ішкі тәртіп ережелерімен және оқыту – тәрбиелеу істерін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттарымен таныстыруға міндетті.

## 7. Оқыту-тәрбиелеу істерін ұйымдастыру.

7.1. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі төмендегідей білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады:
- бастауыш жалпы білім- нормативті мерзімі – 4 жыл / 1-4 сыныптар/
- негізгі жалпы білім- нормативті оқыту мерзімі – 5 жыл /5-9 сыныптар/

7.2. Бірінші саты оқушылардың дамуын, олардың оқу, жазу, білім алудағы дағдылары мен іскерліктерін, ой қисындық ойлау элементтерін, оқу әрекетінде өзіндік бақылаудың қарапайым дағдыларын, өзін ұстау және сөйлеу мәдениетін, салауатты өмір салты мен тазалық негіздерін үйренулерін қамтамасыз етеді.
Бастауыш білім негізгі жалпы білім алудың негізі болып табылады.

7.3. Екінші саты оқушылардың мектеп профиліне байланысты тереңдетілген негізгі жалпы білім берудің бағдарламаларын меңгеруін, оқушылардың жеке тұлғалық қалыптасуы мен дамуына, олардың бейімділіктеріне, қабілеттеріне және мүдделеріне, әлеуметтік бағыттала алуына жағдай жасайды. Жалпы орта білім алу және бастапқы кәсіби білім алудың базасы болып табылады.

7.4. Оқушыларды еңбекке баулу 1-9 сыныптарда мектеп шеберханалары базасында жүргізіледі.

7.5. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі білім беру істерін ұйымдастыру базистік оқу жоспарына сәйкес және сабақ кестесімен реттелетін мектептің өзі жасаған базистік оқу жоспарының негізінде құрылады.

7.6. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесінде оқыту және тәрбиелеу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

7.7. Негізгі жалпы және орта ( толық) жалпы білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігімен бекітілген ережемен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды бағалаумен аяқталады.

7.8. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі білім алушыларды аралық бағалау нысандарын , тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

7.9. Жалпы білім беру бағдарламаларын толық игерген оқушылар келесі сыныпқа көшіріледі. Бір пән бойынша академиялық қарызы бар оқушылар келесі класка шартты түрде «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі педагогикалық кеңесінің шешеімі бойынша көшірілуі мүмкін. Оқушылардың келесі жылы білімдеріндегі олқылықтарды жою жауапкершілігі олардың ата- аналары немесе өзге де заңды өкілдеріне жүктеледі.

7.10.Оқу жылының бағдарламасын игермеген және екі немесе одан да көп пәндер бойынша академиялық қарыздары бар бастауыш және жалпы білім алу сатыларындағы оқушылар екінші жыл оқуға қалдырылады немесе отбасында білім алу түрінде оқуды жалғастырады.

7.11. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі ата-аналардың ( немесе өзге де заңды өкілдердің ) қалауы бойынша жанұялық білім , өздігінен білім алу және экстернат түріндегі жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін жағдай жасайды және көмек көрсетеді.

7.12. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқу жылы қыркүйек айының бірінші жұлдызынан басталады, егер бұл күн жексенбіге сәйкес келсе, онда оқу жылы одан кейін бірінші жұмыс күнінен басталады . Оқу жылы 25 мамырда аяқталады. Оқу жылының созылуы : 1 сыныптарда – 33 апта , 2-9 сыныптарда -34 апта.

7.13. Каникул уақыты жыл бойына төмендегідей тәртіппен бекітіледі:
Күзгі -5 қарашадан бастап 12 қарашаны қоса алғанда 8 күн.
Қысқы -30 желтоқсаннан бастап 8 қаңтарда қоса алғанда 10 күн.
Көктемгі -21 наурыздан бастап 1 сәуірді қоса алғанда 12 күн.
Ал мектепалды кластарында каникул уақыты төмендегідей :
Күзгі -5 қарашадан бастап 12 қарашаны қоса алғанда 8 күн.

Қысқы -14 күн (28 желтоқсаннан бастап 8 қаңтарды қоса алғанда)
Көктемгі -21 наурыздан бастап 4 сәуірді қоса алғанда 15 күн.
«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі және бірінші кластарда үшінші тоқсанның ортасында қосымша демалыс беріледі, оның басталу және аяқталу мерзімін жергілікті білім беру басқармасы анықтайды.
7.14. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі жұмыс режимі төмендегідей:
I кезең - сабақтың басталуы -8.15
2- сабақтан кейін үзіліс -20 минут
3- сабақтан кейін үзіліс -10 минут
Сабақтың ұзақтығы- 45 минут.
II кезең - сабақтың басталуы -2.00
2- сабақтан кейін үзіліс -20 минут
3- сабақтан кейін үзіліс -10 минут
Сабақтың ұзақтығы- 45 минут
7.15. Бірінші кластарда балалардың мектеп талаптарына бейімделуін жеңілдету мақсатында 1-ші кластарда оқу жүктемесі біртіндеп өсірілетін сатылы режим енгізіледі, яғни қыркүйек айында -35 минуттық 3 сабақ, II тоқсаннан -35 минуттық 4 сабақ.
7.16. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі кластардың саны санитарлық нормалар мен жалпы білім беру істерін жүзеге асырудың талаптарына байланысты анықталады. Кластардың толымдылығы 12 адамнан кем емес мөлшерлегі толымдылықпен комплектілеуге болады.
7.17. 2-9 сыныптарда шетел тілінен, 5-9 сыныптарда еңбекке баулудан, 5-9 сыныптарда дене шынықтырудан, 2-9 сыныптарда ағылшын тілінен ( орыс тілінен), 7-9 сыныптарда информатика және есептеуіш техникадан, кластар 2 топқа бөлінеді.
7.18. Оқушылар мен ата- аналардың мүдделерін ескере отырып және қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жоспарының жылжымалы бөлігі есебінен кластарда қосымша пәндер енгізілуі мүмкін.

7.19. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі тәртіп оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройын құрметтеу негізінде қолдау табылады. Оқушыларға дене және психикалық қысым көрсетуге жол берілмейді.
7.20. Педагогикалық кеңес қаулысы негізінде, аудандық әкімият жанындағы құқық қорғау комиссиясының шешімі бойынша құқық бұзушылық әрекеттер жасап, мектеп Жарғысын ішкі тәртіп ережелерін дөрекі және бірнеше рет бұзғаны үшін 15 жасқа толған оқушылар Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 31-бап, 3 тармағына

сәйкес мектептен шығарылуы мүмкін.
Ата-аналарының қарауынсыз қалған жетім балаларды мектептен шығару қамқоршылық және қорғаншылық Кеңесінің келісімен жүзеге асырылады.
7.21. Міндетті негізгі жалпы білім беру талабы нақты оқушыға қолданылады және олар 13 жасқа толғанға дейін күшін жоймайды.

## 8.Білім деңгейін бақылау жүйесі және оқушылардың аралық бағалануларының реттілігі

8.1.Толық орта білімді игеру Қазақстан Республикасы Білім Министрлігі бекіткен нұсқау және ол туралы ережемен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылатын «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі бітірушілерді міндетті қорытынды бағалаумен аяқталады.
8.2.Аралық бағалаудың түрі мен өткізілуі тәртібін «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі белгілейді.
8.3. Білім деңгейін бақылау жүйесі класс журналының және оқушылар күнделігінің негізінде жүргізіледі. Білім бағдарламасын толық меңгерген оқушылар келесі класка көшіріледі.
Оқу мерзімінің жартысынан көбін олардың жағдайына тәуелсіз себептермен жіберген оқушылар қорытынды бағаланбайды.
Ағымдық бағалау түрін мұғалім анықтайды. Тоқсандық немесе жарты жылдық баға ережеге сәйкес бақылау , практикалық және өзіндік жұмыс бағдарының арифметикалық ортасынан аспауы қажет. Оқу жылында үш немесе одан да көп пәндерді меңгермеген оқушылар екінші қайтара оқу жылына қалдырылады.
8.4. Оқушылар дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде атқаратын бітіру емтихандарынан босатылуы мүмкін.
Емтихандардан босату құқығын беретін сырқаттар тізімін Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі бекітеді.
8.5. 9 класс көлеміндегі білімді аяқтаған оқушыларға жалпы негізгі мектеп білімін алғандығы туралы куәлік беріледі.
8.6. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесінің педагогикалық кеңесінің және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі кеңестің шешімдері бойынша екінші жыл оқуға қалдырылған оқушылар арнайы білім мекемелеріне жіберіледі.
8.7. Мектептен шығару, сонымен қатар сабақтан уақытша босату мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді.

## 9. Ақылы қосымша білім беру қызметін көрсетудің тізбесі мен тәртібі

9.1 Ақылы білім беру қызметіне төмендегілер жатады;
-қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер.
-арнайы курстарды және пәндер циклін қосымша оқыту түрі бойынша қызметтер.
- репетиторлық қызметтер ( жекелеген оқушылармен оқу жоспарындағы сағаттардан тыс қосымша сабақтар өткізу )
- Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру қызметі (базистік оқу жоспары шеңберінде)
-Басқа да ақылы қызметтер 63 бап 3 тарау білім алушылар мен тәрбиеленушілер , педагог қызметкерлер мен ересек, жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер , конференциялар, сондай-ақ оқу әдістемелік әдебиеті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу.
9.2. Ақылы қызметтер мемлекеттік білім беру тақырыбы шеңберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орны көрсетілмейді.
9.3. Ақылы білім беру қызметі эксперт кеңесі бекіткен және аудандық білім бөлімі білім берулі мемлекеттік стандартының негізінде жасалған оқу жоспары бойынша ұсынылады.
9.4. Ақылы білім беру қызметі оқушыларға ата – аналарының қалауы бойынша мектеп пен ата – аналардың немесе өзгеде заңды өкілдердің арасында жасалған келісім шарт негізіндегі сабақ кестесі бойынша ұсынылады.
9.5. Қосымша ақылы білім беру қызметінің тізімі аудандық эксперттік комиссияның шешімі және бұйрығы негізіндегі мектеп бұйрығы бойынша бекітіледі.
Оқу жоспарын аудандық білім бөлімі келісімі бойынша мектеп директоры бекітеді.

## 10.Білім беру ұйымдары мен оқушылардың , олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің қатынастарын реттеу мен рәсімдеу.

10.1. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесінің жұмысы жергілікті актілердің келесі түрлерімен реттеледі:
- Қазақстан Республикасы білім министрлігінің бұйрықтары ;
- Білім беру басқармасы органдарының бұйрықтары ;
- «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі директорының бұйрықтары мен жарлықтары ;
- Ішкі тәртіп ережелері .
10.2. Білім беру істерінің қатысушылары, олар оқушылар, «Ақсу негізгі

мектебі» мемлекеттік мекемесінің педагогикалық қызметкерлері , оқушылардың ата- аналары ( немесе өзге де заңды өкілдері ) болып табылады.
10.3. Жаңадан келген әрбір балаға жеке іс-қағазы толтырылып, ол атылмың
«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушының білім алуының барлық мерзімінде толықтырылып отырады және сақталады. Басқа мектептен ауысып келген оқушылар жеке арыз, жеке іс-құжат, дәрігерлік анықтама және басқа білім беру мекемесінен келгендігі туралы құжат негізінде қабылданады.
10.4. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушыларына ұлты, жынысы, тілі, жасы, денсаулық жағдайы, әлеуметтік, мүліктік және лауазымдық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі , мекен- жайы, дінге қатынасына және нанымына тәуелсіз білім алуына кепілдік беріледі.
10.5. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушыларына мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде жалпы білімді тегін алуына кепілдік беріледі.
10.6. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушыларының мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім алуға, қосымша білім беру қызметтерін алуға , өзін-өзі басқару кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдар арқылы оқушылар ұжымын басқару істеріне қатысуға , ар-ождан бостандығына , адамгершілік абыройының құрметтелуіне , ақпараттар бостандығына жеке адам мүддесін қол сұқпаушылыққа , өзінің пікірін және білімді әділ бағалау сеніміне құқығы бар.
10.7. Оқушыларды қоғамдық –саяси ұйымдарға , қозғалыстарға мәжбүрлеп кіргізуге , сонымен қатар оларды осы ұйымдардың жұмысына мәжбүрлеп тартуға және үгіттеу компаниялары және саяси ағымдарға мәжбүрлеп қатыстыруға жол берілмейді.
10.8. Оқушылардың білім беру бағдарламаласын тиісінше жүзеге асыратын басқа білім беру мекемесіне білім беру мекемесінің келісімімен және бағалаудан сәтті өтсе ауысуына құқығы бар.
10.9. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқу- тәрбие істері оқушылардың денсаулық жағдайын есепке алына отырып жүзеге асырылады. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі сырқаттанудың алдын алу , денсаулықты нығайту , денесін жетілдіру , тәрбиеленушілерді салауатты өмір салтына тәрбиелеуді қажетті шараларды орындау қамтамасыз етіледі.
10.10. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушылары білім беру бағдарламаларын өз еркімен мемлекеттік стандарт шеңберде және одан жоғары көлемде меңгеруге және мектептің өміріне және қоғамдық- пайдалы еңбекке белсенді қатысуға , мектептің ішкі тәртібінің

ережесін және Жарғысын орындауға міндетті.
10.11. Жоғарыда баяндалған құқықтарды жүзеге асыру қоғамдық тәртіпті бұзушылық ізгілік және денсаулықты қорғаудың басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтары нормаларын бұзумен үйлеспейді.
10.12. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушылары міндеттері:
«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушылары кеңесімен және оның Жарғысымен бекітілген оқушыларға арналған ережелерін сақтау;
Педагогтардың негізделген талаптарына бағыну;
Класта және жұмыс орнында тазалық сақтау «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушылары мүлкін ұқыпты ұстау.
Кішкентайларға қамқорлық жасау;
Салауатты өмір салтын жүргізу , мәдени деңгейін көтеру, қоғамға жат әрекеттердің көрініс алуына шыдамсыздықпен қарау ;
Денсаулығын нығайту, дене тәрбиесімен айналысу, өзін белсенді ғылыми жұмысқа дайындау;
Мектеп формасы – қыз балалар үшін қара форма, ақ фартук,қара фартук; ер балалар үшін – костюм –шалбар, бір түсті көйлек киюге.
10.13.Оқушыларға тиым салынады:
«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі қару, спирттік ішімдіктер , темекі өнімдері, тосикалық және наркотикалық заттарды әкелуге , басқа біреуге беруге, қолдануға;
-жарылысқа және өртке әкеліп соқтыратын кез-келген заттарды қолдануға ;
- қарым қатынас шешу үшін , қорқытуға , күш қолдану, мектепте жүгіру ;
-итеру, бір нәрсені лақтыру, қорқыту арқылы талап ету, зорлық жасау сияқты айналадағыларға қауіпті кез келген әрекеттер істеуге;
- әр түрлі діни ағымдағы киімдер киюге
- ер балалар оқушыға лайықсыз ұзын шаш қоюға .
10.14. 10.13 бөліміндегі қаралған талаптарды бұзғаны үшін оқушылар Қазақстан Республикасының «Білім туралы » Заңына сәйкес мектептен шығарылуы мүмкін.
Егер бұзудың салдары ауыр қасақана әрекеттерге , зардаптарға әкеліп соқса , шығарылуы мүмкін. 10.13 бөлімде көзделген міндеттерді дәлелсіз себептермен орындамағаны үшін , сонымен қатар 10.12. бөлімде қаралған талаптарды бұзғаны үшін оқушыларға тәртіпке шақыру шаралары қолданылуы мүмкін.
10.15. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушылар ұжымының жұмысы мектептің кеңесімен ұйымдастырылады. Оқушылар кеңесінің жұмысы оқудың сапасын көтеруге , тәрбие жұмыстарын арттыруға ,

оқушыларға қатысты қаржы мәселелерін шешуге , «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі материалдық –техникалық базасының сапалылығын, қоғамдық пайдалы еңбекке , оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған.
«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушылар кеңесінің шешімі егер ол Қазақстанның Республикасының білім беру саласындағы заңдылықтарына осы жарғыға қайшы келмеген жағдайда барлық оқушылардың міндетті орындау сипатын береді.
10.16. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі оқушылары өзіне-өзі қызмет көрсетуге және қоғамдық пайдалы еңбек түрлеріне жасы, жынысы, дене мүмкіндіктеріне қарай денсаулықтарын қорғау және тазалық талаптары мен нормалары ескеріле отырып тартылады. Еңбектің санитарлық-гигиеналық нормалары мен қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау мектеп әкімшілігіне, дәрігерлік қызметкерге , мұғалімдерге ,сынып жетекшілерге жүктеледі.
10.17.Оқушыларды қоғамдық тапсырманы орындау , спорттық және басқа шараларға қатысу үшін сабақтан босатуға мұғалімдердің және оқушылардың пікірлерін есепке ала отырып, мектеп әкімшілігінің рұқсатымен белгілі бір жағдайларда жол беріледі, туристік саяхаттар және экскурсиялар директордың бекіткен мерзім ішінде педагогикалық қызметкерлердің басшылығымен өтеді.
10.18. Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы » кодексіне сәйкес жастарды өндірістік еңбекке дайындау үшін жұмысқа қабылдауға және баулуға, олардың денсаулығына және сабақ уақытынан тыс тәрбие ісіне кедергі келтірмейтін, жасы 14-ке жеткен жағдайда олардың ата-аналарының біреуінің немесе оларды алмастырушылардың келісімімен жұмысқа алуға және еңбекке тартуға жол беріледі.
10.19. 18 жасқа толмаған оқушылар үшін демалыс уақытындағы жұмыс кезінде жұмыс уақытын қысқарту белгіленеді:
16 дан 18 жасқа дейінгілер – аптасына 36 сағаттан артық емес;
14-тен 16 жасқа дейінгілер –аптасына 24 сағаттан артық емес.
10.20. Жұмыс жасайтын оқушылардың оқу жылы барысындағы сабақтан бос кездегі жұмыс уақытының ұзақтығы жастарына сәйкес нормадан аспауы қажет.
10.21. Ата-аналар ( оларды алмастырушы тұлғалар) құқығы :
1) баланың мүдделерін және заңды құқығын қорғауға ;
2) оқу түрін таңдауға ;
3) басқару жұмыстарына ата-аналар комитеті арқылы қатысуға ;
4) оқушының үлгерім бағасымен және тәртібімен сондай- ақ білім беру жүйесінің мазмұнымен және барысымен танысуға ;
5) білім беру істерін реттейтін мекеме жарғысымен және басқа да

құжаттарымен танысуға ;

6) оқушылардың білім алуындағы қиындық келтірген қиындық туғызған мәселелер туралы кеңестер алуға

Ата-аналар ( оларды алмастырушы тұлғалар ) міндеті:

1) өз баласын тәрбиелеуге және оқытуға , дені сау болуына және өмір қауіпсіздігіне жағдай жасауға ;
2) Олардың ой- өрісінің және дене тұлғасының дамуын, адамгершілік қасиетінің қалыптасуын қамтамасыз етуге ;
3) Мектепалды даярлық тобында болуын қамтамасыз етуге;
4) «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі баласының сабақтарға толық қатысуын қамтамасыз етуге ;
5) отбасында үйден оқыту түрін ұйымдастыра алуға ( бағалаудың оң нәтижелеріне бала қол жеткізген жағдайда) оқыту –тәрбие кезеңде мектептегі оқуын жалғастыра алады;
6) оқушылардың академиялық берешақтарын жоюын қамтамасыз етуге ;
7) мектеппен бірлесе отырып жұмыс істеуге және ата-аналар жиналыстарына қатысуға; мекемедегі тәртіп оқушылардың, мұғалімдердің адамдық ар- намысын аяққа баспау негізінде қолданылады. Оқушыларға қол жұмсау және ар- намысына тию әдістерін қолдануға тыйым салынады.

## 11. Білім беру ұйымдарына құрылтайшы бекітіп берген меншік объектілерінің пайдаланылу тәртібі

11.1 Білім беру ұйымдарына білім беруді ұйымдастыру үшін құрылтайшы бекітіп берген меншік объектілерін қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес анықталады.

## 12.Білім беру ұйымының өз қызметі кезеңінде сатып алған меншігін қалыптастыру тәртібі

- «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Заңдарында қаралған тәртіп.
- «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі меншігін құру тәртібі Қазақстан Республикасының Заңдарымен анықталады.

## 13.Білім беру ұйымын қаржыландыру көздері , олардың қызметін материалдық- техникалық жағынан қамтамасыз ету

13.1. Білім беру істерін қаржыландыру бір оқушыға есептелген мемлекеттік және жергілікті қаржыландыру нормативтері негізінде бюджеттен , сонымен қатар өзін-өзі қаржыландыру жағдайында жүзеге асырылады.

13.2. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдылықтарында белгіленген ретпен, Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңдарында қаралған ақылы қосымша оқыту , басқа да қызметтер есебінен қосымша қаражат қорларын тартуға құқылы.

Жұмыс пен қызмет көрсету арқылы Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес белгіленеді.Бұл реттегі кірістерді бөлу тәртібі мектеп Жарғысына сәйкес өз ішінде анықталады.

13.3. Қосымша қызметтерді пайдалану «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі бюджет есебінен қаржылануының мөлшері мен нормативтерінің азаюына әсерін тигізбейді.

13.4. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі қаржылық және материалдық қаражаттары өзінің қажетіне қарай Жарғыға сәйкес жұмсалады, алып қоюға жол берілмейді.

13.5. Ағымдағы жылы қолданылмаған мектеп қаржысы алынуға жатпайды және келесі оқу жылын қаржыландыру есебіне кіргізілмейді.

13.6. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі құрылтайшы мен иесінің келісімімен өзіне бекітілген қаражаттар мен мүліктерді пайдалануға құқылы .

13.7. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі мүлкі мен қаражатының қалыптасу көздері мыналар:

- Республикалық және жергілікті бюджеттік қаражаттар ;
- Мектептің өз меншігіндегі мүліктері немесе олардың өкілетті органдары берген мүліктері;
- Қосымша ақылы білім беру қызметі есебінен түсетін кіріс;
- Заңды және жеке тұлғалардың ерікті түрде көрсеткен көмектері;
- Кәсіпкерлік қызметтен, сонымен бірге рұқсат етілген дербес қызметтерден түскен кіріс Қазақстан Республикасы заңына сәйкес
- Қазақстан Республикасы заңдылықтарына сәйкес келетін басқа да қаржылар

## 14.Кәсіпкерлік қызметінің болуы мен түрлері.

14.1. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі 22.09.99 жылғы «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің ақылы қызмет көрсету тәртібі туралы » № 1438 Үкімет қаулысына және басқа да реттеуші нормативтік

құжаттарға нұқсан келтірмейтіндей білім беру және түрлі ақылы қызмет көрсетумен айналыса алады.Қазақстан Республикасы Білім заңы 63 бап. 3.2.–тармақ.

14.2. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі білім беру мен тәрбиелеуге мемлекттік тапсырыс негізінде өз қызметін жүзеге асырады, сонымен қатар кәсіпорындармен , ұйымдармен шаруашылық келісімшарттар жасай алады.

14.3. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі мамандармен қамтамасыз ету, жұмыс ретін таңдау, мемлекеттік тапсырыстан тыс жұмыс түрлері мен олардың құрылымдық бөлімдерін таңдау мәселелерін өз бетімен шеше алады.

14.4. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі өз қарауына қалған шаруашылық кірісі, өз қажетіне қолданылады және өндірістік , ресми даму, еңбекақы және де басқа да қосалқы қорлар арасында өз бетінше реттемелі түрде бөлінеді.

Шаруашылық есептегі кірісті қорларға бөлу еңбек ұжымының жалпы жиналысында қаралып, келісіледі.

## 15.Құрылтайшылар құзыры

15.1. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі құрылтайшысы «Мұғалжар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады , оның құзырына төмендегідей міндеттер кіреді:

- «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алып , олардың негізгі білім алуына дейінгі оқытуды ұйымдастырады;
- ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кәмелеттік жасқа толмаған балалардың қамқорлығын және қорғаншылығын ұйымдастыру , оларды үйлеріне немесе интернаттық мекемелерге орналастыруды анықтайды;
- өз құзіретіне сай оқыту –тәрбиелеу істері мазмұнының талапқа және мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне үнемі бақылауды ұйымдастырып, өткізіп отырады.
- Педагогикалық қызметкерлерге аттестация өткізіп, біліктілік санаттарын тағайындайды.
-Мектеп басшыларын қызметке тағайындап, босата алады.
- Мектеп жарғысын , оқу жоспарлары мен штаттық кестесін бекітеді.
- өз құзыретіне сәйкес мектепті аттестациялаудан өткізеді.
-әдістемелік қамтамасыз етуді жоспарлап , ұйымдастырады.
-өз жұмысын аудандық білім бөлімі ережелеріне сәйкес жүргізеді.

## 16. Білім беруді ұйымдастыру құрылымы, басқару органдарын құру тәртібі, олардың құзіреті және қызметін ұйымдастыру тәртібі № 708 10 шілде 2000 БҒМ бұйрығы бойынша «Мектепке дейінгі және білім беру мекемелерінің нормативтік актілерінің бекітілуі туралы»

16.1. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі құрылымы педагогикалық кеңесте талқыланады және құрылтайшы
16.2. Басқару білім беру туралы Заңға , мектеп Жарғысы мен мектеп туралы Ережеге сәйкес адами құндылықтардың басымдық , жариялық, демократиялық принциптерімен адам өмірін , денсаулығын қорғау және жеке тұлғаның дамыту бағытында жүзеге асырылады.
16.3 Еңбек ұжымының өкілеттілігі оның мүшелерінің жалпы жиналысында жүзегеасырылады.Жиналысқа мектеп қызметкерлерінің үштен екі бөлігі қатынасқан жағдайда ол заңды болып есептеледі.
16.4«Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі ұжымының жалпы жиналысы мына жағдайларға құқылы :
а) «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі кеңесін сайлау жөніндегі мәжіліске екі жылда бір рет делегаттар сайлауға ;
б) Мектептің «Ішкі еңбек тәртібін» талқылап , бекітуге;
«Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі жалпы басқару 13 адамнан тұратын сайлаушы орган- мектеп Кеңесімен жүзеге асырылады. Оның 7 мүшесі – педагогикалық ұжымнан , 2 мүшесі ата-аналардан, 1 мүшесі 8-9 сынып оқушыларынан болады.
«Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Кеңесіне мүшелікке үміткерлер мектеп қызметкерлерінің жалпы жиналысында таңдалынады ( саны шектеусіз, бірақ жеті адамнан кем болмауы тиіс )
Ата-аналардан мүшелік жалпы мектептің ата- аналар жиналысында немесе сыныптың ата-аналар жиналысында сайланылады ( саны ерікті , бірақ 4 адамнан кем болмауы тиіс)
Оқушылардан үміткерлер 8-9 сынып оқушыларының жалпы жиналысында немесе сынып жиналыстарында анықталады ( саны ерікті , бірақ екі адамнан кем болмауы тиіс)
16.5. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Кеңестік өкілеттігі :
а) «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі даму Тұжырымдамасын , ұзақ мерзімге жасалған білім беру бағдарламаларын бекітеді
б) «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі жергілікті актілерін бекітеді:
- оқушыларға арналған талаптар,
- құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер
- оқушылар стипендиясы туралы ереже
-

в «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі құрылымына директордың немесе құрылтайшы құзіретіне қатыссыз мектеп өміріндегі басқа да маңызды сұрақтарды шешуге қатынасады.
16.6. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Кеңесінің отырысы төрағасының немесе Кеңес мүшелерінің жартысының талабы бойынша қажеттікке орай, жартыжылдықта бір рет ( кем болмауы тиіс) шақырылады.
16.7. Кеңес шешімі ашық дауысқа салумен қабылданады.
16.8. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Кеңесінің шешімі отырысқа мүшелердің үштен екі бөлігі қатынасқан кезде ғана заңды болып есептеліп, кеңестік тізімдегі мүшелерінің жартысынан көбі дауыс жағдайда шешім қабылданады.
16.9. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Кеңесінің оның өкілеттілігі шеңберінде қабылданған шешімі мектеп ұжымының барлық мүшелеріне, әкімшілікке міндетті болып саналады.
16.10. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Кеңесінің отырыстары хаттамалары мектеп іс-қағаздарында сақталынатын, Кеңес төрағасы мен хатшысының қолдары қойылатындай жүргізіліп отырады.
Күрделі педагогикалық және әдістемелік мәселелерді, оқу-тәрбие істерін ұйымдастыру және озық педагогикалық тәжірибелерді тарату және зерттеу мақсатында мектепте педагогикалық кеңес жұмыс жасайды.
16.11. Педагогикалық кеңестің мүшелері мектептің барлық қызметкерлері және қосымша қызметтегі мұғалімдер бола алады. Педагогикалық кеңестің төрағасы директор болып табылады. Ол кеңестің хатшысын бір жылға өз бұйрығымен тағайындайды.
16.12. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі директорының құзыры:
1.«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі басқаруды директор жүзеге асырады.
2.«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтарды береді.
3. Жас мамандардан басқа барлық қызметкерлер жеке еңбек келісім шарты және Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі негізінде шығарылған директор бұйрығымен жұмысқа қабылданып, жұмыстан шығарылады.
4. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі алқалық жедел басқару үшін жұмыс жасайды.
Жергілікті актілер түрлерінің тізбесі:
9 Мектеп жарғысы
10 Ішкі еңбек тәртібінің ережелері
11 Ұйымдасқан қызметтің тәртібі туралы талаптар

12 Директордың бұйрықтары
13 Ұжымдық еңбек шарты
14 Құрылымдық бөлімшелер мен түрлі шаралар туралы ережелер

16.13. Педагогикалық кеңестің құзыры:
А) Педагогикалық кеңес жөніндегі Ережеге сәйкес қызметін жүргізеді.
Ә) Ұсыныстар мен сыни ескертпелердің орындалуына бақылау жасайды.
Б) «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі ішкі тәртібі ережелерін бекітеді.
В) Оқушыларды қорытынды, аралық аттестациялаудың өткізу тәртібін анықтайды.
Г) Әр тоқсанда бір рет өткізіліп хаттамамен рәсімделінеді.

16.14. Қоғамдық ұйым ретінде мектепте сынып және мектептің жалпы ата – аналар комитеттері жұмыс жасайды. Сыныптардағы ата – аналар комитеті жалпы сыныптың жиналыс шешіміне сәйкес сайланады. Сайланған сыныптың ата – аналар комитеті мүшелерден төраға мен хатшы таңдап алынады.

16.15. Мектеп ата-аналар комитетінің құзыры:
А) Үміткелерді талқылап, кез келген түрдегі материалдық көмек қажет оқушылар тізімін бекітеді.
Б) Мектеп ата – аналар комитетінің төрағасы мектеп кеңесінің мүшесі болып саналады.
В) Ата – аналар комитеті ереже негізінде жұмыс жасайды.
Барлық ата – аналар комитеттері мектеп өмірінің мәселелерін талқылауға, ұсыныс түрінде шешім қабылдауға құқылы.

16.16. Ата – аналар комитеттері өз отырыстарын хаттамалармен рәсімдейді, олар мектеп іс-қағаздарында сақталады.

16.17. Кәсіподақ комитеті:
- Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ұжымдық еңбек шартын жасайды.
- Директормен бірлесе отырып, қызметкерлерді материалдық жақтан көтермелеу және педагогтардың оқу жүктемесі мәселелерін шешеді.
«Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі ерікті негізінде оқушылардың өзін – өзі басқару органдарымен оқушы ұйымдары құрылуы мүмкін. Олар оқушылардың өзін-өзі басқару органдары туралы Ережеде көрсетілгендей басқаруға қатынасады.

16.18 Мектеп аталған ұйымдарды қажетті материалдық мәліметтермен қамтамасыз ете алады, оларды оқушыларға қатысты мәселелерді талқылауды басқару органдарының отырыстарына қатыстырады.
Ғылыми – әдістемелік басқаруды жалпы білімдік пәндер бойынша директордың оқу-тәрбие ісіндегі орынбасары; ТЭЖ (тәжірбиелік – эксперименталдық жұмыс), инновацияны, инновациялар мен ғылым

жөніндегі завуч-координатор, ПДОУ қосымша өзалы қызметтер жөніндегі менеджер, ОҒҚ (оқушылардың ғылыми қоғамы), тәжірибелі педагогтар арасынан шыққан жетекші жүргізеді. Барлық әріптестік орталар қызметтері мектеп жөніндегі типтік ереже бойынша Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес құрылымдық негізге сүйеніп реттеледі.

## 17. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штатын жарақтау тәртібі, еңбекке ақы төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері

17.1 Мемлекеттік білім беру мекемесі қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Заңдарында көрсетілген тәртіппен анықталады.
17.2 Білім беру мекемесіне жұмысқа қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінде бекітілген жеке еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.
17.3 Қызметкерлердің еңбек ақысы мен лауазымдық төлемақылары олардың біліміне, жұмыс стажына және біліктілік санатына сәйкес белгіленеді.
17.4 Педагог қызметкерлердің апталық оқу жүктемесі:
- Оқытудың бастауыш сатысы үшін – 18 сағат
- Оқытудың негізгі және жоғары сатысы үшін – 18 сағат
17.5 Мектептің еңбек ұжымының мүшесі осында тұрақты жұмыс жасайтын адам болып табылады. Мектепте педагог жетекші роль атқарады, оның міндеттері:
- Мектепте қабылданған ішкі тәртіп Ережелері мен Жарғыны сақтау, мектеп әкімшілігінің жалпы жиналысының шешімін орындау.
- Еңбектік міндеттерін адал атқару мектепте қабылданған жарғы және білім беру бағдарламалары, өзге де нормативтік құжаттар көлемінде өзінің пәні бойынша оқушылардың сапалы оқуын қамтамасыз ету.
- Педагогикалық шеберлік деңгейін көтеруде үнемі талпыну істері және мүмкіндігінше пәнді оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістерін тәжірибеге енгізу.
- өз жұмысын балалардың жеке қабілеттері мен тұрмыс жағдайын ескеру және зерттеуге құру.
- еңбек тәртібін сақтау ;
- оқушылардың әлеуметтік құқықтары және денсаулығының сақталуына әсер ету , оның ішінде балалықты қорғау және сақтау мәселелерімен айналысатын ұйымдар және мекемелермен, ата- аналармен бірігіп жұмыс жасау.

- оқушылардың мемлекеттік білім беру мен эксперименталдык , авторлық бағдарламалар , сонымен қатар ақылы қосымша қызметтер көрсету бойынша жоғары сапалы білім алуын қамтамасыз ету.
- мектептің басқару істеріне белсенді араласу, мемлекет меншігін ұқыпты ұстау, мектеп мүлкінің салақ ұсталуына жол бермеу.
- Педагог қызметкерлер:
-қауіпсіздік және гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайына
-мектептің басқару жұмысына қатысуға
-мемлекеттік жалпы міндетті стандарт сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға
-жұмысына байланысты денсаулығына келтірілген зиянның өтелуіне
- Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен айқындалған мөлшерде күнтізбелік жылда бір рет ауыстыру жәрдемақы алуға (Қазақстан Республикасының Білім заңы 53 бап, 3.1 тармақ)
- біліктілік деңгейін және қызметтік мәртебесін көтеру үшін мерзімінен бұрын аттестациялануға
- ұзақтығы 56 күнтізбелік күнге тең ақылы демалыс алуға
- дербес педагогикалық қызметке
- педагогикалық қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық жағынан көтермеленуге, ордендермен, медалдармен, құрметті атақтармен, грамоталармен марапатталуға
- оқушылардың жұмысы мен білімін бағалау әдістерін, оқу нұсқауларын және материалдарын, оқулықтарды, оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелерін қолдануды еркін таңдауға
- мектеп кеңесінің құрамына сайлануға құқылы
17.6.Мектептегі педагогтар арасынан директор класс жетекшілерін тағайындайды.

Олардың міндеттері:

15 класс бойынша тиісті құжаттарды жүргізу, мектеп әкімшілігіне оқушылардың үлгерімі туралы ақпараттар мен мәліметтер ұсыну
16 оқушылардың мектептің ішкі тәртіп Ережелерін, осы Жарғыны, оқушылар ұйымы Ережелерін орындауын ұйымдастыру
17 Пән мұғалімдері және ата-аналармен бірігіп жұмыс жасау
18 қызығушылықтары бойынша бірлестіктер, зертханалар, шығармашылық топтар, үйірме, секциялар, клубтар, студиялар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру

17.7. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне келісім шартта көрсетілген өздерінің функционалдық міндеттері мен жұмысын атқарғаны үшін еңбек ақы төленуіне кепілдік беріледі. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі жұмысшыларының контрактіде

қарастырылмаған басқа жұмыстар мен міндеттерді атқарғаны үшін қосымша келісім бойынша ақы төленеді. Педагогтерге қосымша міндеттер білім беру ісі жөніндегі басқармасының келісімі бойынша директордың бұйрығымен жүктелуі мүмкін.
17.8. Директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасарын мектептегі жоғары білімі және тиісті біліктілігі бар мұғалімдердің ішінен директордың ұсынуы бойынша аудандық білім бөлімінің келісімімен тағайындайды.
17.9. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі директорының оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының міндеттерін мектеп әкімшілігі ішкі ерекшеліктерді ескере отырып дайындайды.
17.10. «Аксу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі меншігіне зиян келтіргені үшін еңбек ұжымының мүшелеріне заңда көзделген тәртіппен материалдық жауапкершілік жүктеледі.
17.11. Жарғы және ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін кінәлі тұлғаларға еңбек ұжымының жиналысымен немесе директормен тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.
17.12. Педагог қызметкердің мінез-құлқы нормаларын немесе осы Жарғыны бұзғаны үшін тәртіптік тергеулер тек олардың атына түскен жазбаша түрдегі арыз бойынша өткізіледі. Арыздың көшірмесінің біреуі педагог қызметкерге берілуі тиіс.
17.13. Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіп бойынша мектеп жауапкершілікте болады, егер:
- мектеп құзырына кіретін істер атқарылмаса;
- оқу жоспары және оқыту істерінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде жүзеге асырылмаса;
- өз бітірушілерінің сапалы білімі үшін;
- мектеп жұмысшылары мен оқушыларының оқыту-тәрбиелеу істері кезіндегі өмірі мен денсаулығы үшін ;
- мектеп қызметкерлері мен оқушыларының өз құқықтарымен бостандықтары бұзылса;
- мемлекеттік мүлікті тиімді қолданбаса және сақтамаса.

## 18. Білім беру ұйымының қайта құрылуы және таратылу тәртібі

18.1.Білім беру мекемесі Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексінде», Қазақстан Республикасының «комерциялық емес ұйымдар» туралы Заңында және басқа да заңды актілерде белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылуы мүмкін. (бірігу, қосылу, бөліну, өзгеру)
18.2. Білім беру мекемесі Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексінде» және басқа да заңды актілерде қарастырылған тәртіп

бойынша және соның негізінде ерікті түрде (оның мүлкіне ие тұлғаның немесе нелікке өкілетті орынның шешімі бойынша, сонымен бірге құрылтайшылық құжаттарға өкілет етілген заңды тұлғалық орынның шешімі мен ) және күштеп (сот шешімімен) таратылады.
18.3. Білім беру ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) немесе тарату жөніндегі шешімдер қабылданған орын бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын Юстиция органдарына тез арада жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Құрылтайшылар немесе білім беру ұйымдарын тарату туралы шешім шығарушы орган таратушы комиссия құрып Қазақстан Республикасының «Азаматтық кодексіне» сәйкес таратылу мерзімі мен тәртібін белгілейді
18.4. Таратушы комиссияның тағайындалған уақытынан бастап білім беру ұйымының міндеттері мен істерін басқару оның билігіне көшіріледі. Таратушы комиссия сотта таратылушы ұйымының атынан сөйлей алады.
18.5. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі таратылу барысында ақшалай қаражат пен басқа да тиесілі алқалық басқарудағы мүліктер міндеттерді жабу үшін кететін төлемдер есепке алына отырып, мектеп жарғысына сәйкес білім беруді дамыту мақсатына бағытталады. Белгіленген тәртіп бойынша құжаттар архивке тапсырылады.
18.6. Құрылтайшылар таратылатын білім беру ұйымында оқитын оқушылардың басқа білім беру ұйымдарында оқу жылын аяқтау шараларын қабылдауға міндетті.

## 19. Білім беру ұйымының Жарғысын өзгерту тәртібі

19.1. «Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі Жарғысын өзгерту мен толықтыру құқына құрылтайшының келісімімен және бекітуімен ғана ие бола алады.
19.2. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар мектепті қайта құру немесе оның жұмысы өзгерген жағдайда және Қазақстан Республикасының заңдылықтарында өзгерістер болған жағдайда енгізіледі.
19.3. Өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік бұйрық органдарында тіркеледі.

**«Ақсу негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесінің директоры:** **М.И.Есеева.**

зарегистрировано в реестре за № 1 - 6081

Жиырма бір парақ

(поставка)